

Жылжымайтын мүлікті түгендеуді жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі. 2002 жылғы 25 қараша N 183-ө

Иесіз жылжымайтын мүлікті анықтау және оны кейіннен есепке қою мақсатында:

1. Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері 2004 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағында тұрған жылжымайтын мүлікті түгендеуді жүргізсін.

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2003 жылға 1 қаңтарға дейінгі мерзімде жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу тәртібі туралы халық арасында түсіндіру жұмысын жүргізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр